

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ОРТА
АРНАУЛЫ БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ**

**БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ҚАРАҚАЛПАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТІ
ТҮРКІ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ**

Факультет деканы:

_____ **Тұрдыбаев К.**

«_____» _____ **2012ж.**

**5120100 -филология және тілдерді оқыту (Қазақ филологиясы)
бакалавр бағдарының 4-курс студенті Сүлейменова Айгүлдің
«XX ғасырдың 60-70-жылдарындағы қазақ және қарақалпақ
әдебиеттеріндегі байланыстар» тақырыбындағы**

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Қорғауға рұқсат берілді

Түркі филологиясы

кафедрасының меңгерушісі

_____ **Г. Адилова**

Ғылыми жетекшісі:

_____ **ф.ғ.к.**

Ж.Сағидуллаева

асс. Ш.Смамутова

«_____» _____ **2012ж.**

НӨКІС-2012 жыл

**Мемлекеттік аттестация комиссиясының
ҚАУЛЫСЫ:**

**5120100- филология және тілдерді оқыту (Қазақ филологиясы)
бакалавр бағдарының 4-курс студенті Сүлейменова Айгүлдің
«60-70 жылдардағы қазақ, қарақалпақ әдебиеттеріндегі байланыстар»
тақырыбындағы бітіру-мамандық жұмысына**

«_____» балл қойылсын

МАК бастығы: _____

МАК орынбасары: _____

МАК мүшелері:

_____	_____
_____	_____
_____	_____

Ж О С П А Р Ы:

Кіріспе

1. XX ғасыр басындағы қазақ-қарақалпақ әдебиетінің бір-біріне ықпалы

1-бөлім.

1.1. XX ғасырдың 60-70-жылдарындағы қазақ және қарақалпақ әдебиеттеріндегі байланыстар

1.2. Қазақ, қарақалпақ әдебиетінің проза саласына 60-70 жылдары өзіндік соқпағымен келген қаламгерлер жайлы.

1.3. 60-70 жылдардағы қазақ, қарақалпақ поэзиясындағы дараланған ақындар шоғыры

2-бөлім.

2.1. Қазақ ақындарының жырларындағы Қарақалпақстан тақырыбы.

2.2. Қарақалпақ ақындарының Қазақстан тақырыбын жырлауы.

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. XX ғасыр басындағы қазақ-қарақалпақ әдебиетінің бір-біріне ықпалы

Қазақ және қарақалпақ әдебиетіндегі байланыстар XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарына келіп жедел дамыды. Ежелден аралас отырған туыстас екі халықтың арасындағы этникалық, рухани, мәдени жақындықтардың нығая түсуіне саясат пен әлеуметтік тұрмыстағы өзгерістердің де себептігі болғандығы ақиқат. Кеңестік дәуірдің алғашқы кезеңдерінде өз алдына халық атағын заңды түрде иелеген аз санды қарақалпақ халқының қуанышын біріншілерден болып қуана құптаған қазақ халқы болды.

Қарақалпақ халқының ең озық ойлы перзенттері Аяпберген Мұсаев, Сейфулғабит Мажитов, Әбдірахман Өтепов, Хожахмет Ахметов, Мырзағали Дәрібаев, Қасым Әуезов, Нәжім Дауқараев болды. Бұлар Әжинияз, Бердақ бастаған игі дәстүрді әрі жалғастырып, бірі өлең, бірі дастан, бірі әңгіме-роман мен жаңа заманға жаңаша жырлауға құлшына кірісті. Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің арасын байланыстырып Аббаз Дабылов пен Садық Нұрымбетовтар оянған елдің ой-арманын айтты, қуанышын жырға қосты. Қазақ, қарақалпақ халықтарының арасындағы мәдени, әдеби байланыстары бұрынғыдан бетер нығая түсті.

1924-1930 жылдар Қарақалпақ автономиялы облысы Қазақ АССР-ның құрамында болды. Бұл туралы «Қарақалпақ совет әдебиеті тарихының очеркі», «Қарақалпақ минеткештерінің еркін мақұлдай отырып, Бүкіл Одақтық Орталық Атқару комитетінің 1924 жылдың 14 октябрінде өткерілген екінші сессиясы қарақалпақтарға Түркістан өлкесінің және бұрынғы Хорезм республикасының құрамынан шығып, Қазақстан республикасына кіретін қарақалпақ

Автономиялы облыстын түзуге құқық берді. Бұл өзгерістер екі халық арасындағы әдеби байланыстарының өрлей түсуіне жағдай жасады.

1927 жылы Қарақалпақ Автономиялы облысы өз алдына бөлініп шықты. Осы кезде «Еңбекші қазақ» газеті (10-февраль, 1927) қарақалпақ елінің 2 жылдық тойына арнап арнайы бет беріп: «Кеңес заманында теңдікке жеткен қарақалпақ еліне бізден сәлем!» –деп жазды.

«Қарақалпақ еңбекшілеріне» деген бас мақалада «Қазақ республикасының отау үйіндей болып, Қарақалпақ Автономиялы облысы құрылғанына бүгін екі жыл, осы екі жылдың ішінде, Қарақалпақ елінде шаруа, мәдениет жөнінде бірсыпыра істер де істеліп көрініп отыр.....

а) Автономиялы Қарақалпақ елі өмірлі болсын!

б) Уақ ұлттың еңбеккерлері мен жұмыскер табының одағы баянды болсын!—деп жазды.

Қазақстан өлкелік партия комитеті «Қарақалпақ елінің жұмыскер дихандарына, барлық еңбекшілеріне» үндеу жариялап: «Бұл күнде мереке қуаныштарың құтты болсын! Береке бірліктерің баянды болсын! Жалпы қарақалпақ еңбекшілерінің мерейі үстем болсын!» деп өз тілектестіктерін білдірді. Сондай-ақ газете «Қарақалпақ облысының ерікті ел болғанына екі жыл болды», «Қарақалпақ елі көркейіп келеді», «Қарақалпақ елінің екі жылдық тойына» атты мақалалар жариялады. Газеттің осы санында қазақтың академик жазушысы С.Мұқановтың «Қарақалпақ» деген өлеңі басылды.

Қарақалпақ одақтың елі болды,
Сусынын қандырарлық көлі болды.
Өзі—азат, қақырғаны—қаймақ алтын,
Ол—еңбектің таусылмас кені болды.
Сең-сең бөрік, ұзын жең қарақалпақ
Етеді осы күнде шалқақ-шалқақ.
Жері—азат, елі—азат, кені—азат

Ол еңбектің даласы жатқан жалпақ³⁰.

Қарақалпақ халқының өз алдына «отау тігіп» Автономиялы облыс болып шыққанына қатты қуаныш білдірген қазақ елі, қарақалпақ бауырларына қандай да болса достық көмегін аямай әрқашан да көрсетіп отырды.

1969 жылы Қарақалпақ пединститутының профессоры Қаллы Айымбетовпен кездесіп әңгімелескенімізде есте қалғандарын былайша баяндады: «1925-29 жылдары қарақалпақта орта мектеп ашылып, қазақ тілінде оқылды. Өзіміз қазақша оқып, өзіміз оқу құралын жаза бастадық. 1925-26 жылдары біздерді оқытқан Балақаденов деген болды. Казинпросты бітірген Жанахмет Баяхметов Төрткүлге келіп педучилищеге сабақ берді.

Қазақстаннан партия, комсомол қызметкерлері келіп, еліміздің экономикасын, ағарту мәдени жұмыстарын жөге қоюға көмек көрсетті.

Жаңбыршин Тәңірберген обкомның екінші хатшысы, Тоқмурзин, Байжарасовтар обком комсомолдың бірінші секретары болды. Әмір Доспанов (Шымкенттен), Шөлденбай Ахметов деген қазақ жігіттері жауапты қызметте болды.

Біздер «Қобыланды», «Қамбар батыр» т.б.эпостық жырларды қазақ тілі арқылы оқыдық.

Жоғарыдағы аты аталған жігіттер шетінен әнші, күйші болатын. 1925 жылы драмкружогын ұйымдастырып, «Алтын сақина», «Сылаң қыз», «Сәуле» (Бейімбет Майлин), «Еңлік-Кебек» пен «Бәбіше-тоқал» (Мұхтар Әуезов), «Қызыл сұңқарлар» (Сәкен Сейфуллин) пьессасын қойдық. Ол кружокты мен басқарған едім. Осы қазақша басталған драмкружоктан енді, міне, С.Мұқанов, А.Бегимов (Сабит ағаның шәкірті) негізін салған қарақалпақ драматургиясы қаулап өсті.

Алғашқы қарақалпақ драматургтері деп Сейфулғабит Мәжитов, Қ.Әуезов, Ә.Өтеповтерді атауға болады. С.Мәжитовтың «Ерназар-ала көз»,

³⁰ «Еңбекші қазақ», 1927, 10 февраль.

«Бағдагүл», «Тазагүл», Қ.Әуезовтың «Тілек жолында» пьесалары өз дәуірінің үздік туындылары болып саналды. Кейінгі жылдарда жазылған Ж.Аймурзаевтың «Айгүл–Абат», «Раушан», «Бердақ», М.Дәрібаевтың «Көклан батыр», «Жаңа адамдар», С.Хожаниязовтың «Сүймегенге сүйкенбе», П.Тілегеновтың «Бегжап трагедиясы» атты пьесалары қарақалпақ драматургиясын бір көтеріп тастаумен қатар республика театрларының репертуарын байыта түсті.

Қарақалпақ халқының сауатын ашуға, батыс әдебиетінен сусындап, білімдерін толықтыруға қазақ тілінің көмегі орасан зор болды.

Қарақалпақ кадрлары жеткіліксіз кезде, баспа орны мен аудармашылары болмаған кезде осы қиыншылықтардық барлығын қазақ тілі арқылы, қазақ тілінің оқулықтары арқылы жеңіп отырды.

М.Горькийдің «Сұңқар жыры», «Макар Чудра», «Челкаш», Чеховтың «Түндегі от», Короленко шығармаларымен қазақ тілі арқылы танысты.

1929-30 жылдардан бастап қарақалпақ халқынан оқуға жіберуге кадрлар даярлана бастады.

Қаллы Айымбетов сөзінің бірі нде қазақ әдебиетінің негізін салушы С.Сейфуллиннен, М.Әуезовтен лекция тыңдағанын үлкен мақтаныш етіп: «Біздің тұңғыш педагогтарымызбен ғалымдарымызды тәобилеп шығаруда дүние жүзілік мәдениет пен білімге қарақалпақ халқының көзін ашуда Қазақстандық туыстарымыз үлкен жәрдем жасады», –деді.

Қазақстан астанасы Орынборға келіп білім алған, қазақ жазушыларын ұстаз тұтып, олардан тұрақтылықпен үйренген қарақалпақ жазушылары бірі, қарақалпақтың бірінші ғылым докторы Нәжім Дауқараев болған.

Нәжім Дауқараев (1905-1953) қарақалпақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі. Қарақалпақ әдебиетінің барлық жанрларында көп еңбек еткен адам.

Нәжім Дәуқараев Қоңырат ауданында туған. Бастауыш мектепті ауылда бітіреді. 1924 жылы Хорезм халық Республикасы Орталық партия

комитетінің командировкасы бойынша Орынбор қаласындағы қазақ халық ағарту институтына барып, онда 1925 жылға шейін оқыған. 1926 жылы ВКП (б) қарақалпақ обкомының командировкасымен Алматыдағы Қазақ халық ағарту институтына барып, оны 1930 жылы бітіріп шыққан. Нәжім Дауқараев 1930 жылдан 1932 жылға шейін Қостанай қаласындағы педтехникумда оқытушы болып істген. 1935-1941 жылдары Қарақалпақ мұғалімдер институтында кафедра бастығы болып, доценттік қызмет атқарған. 1930-1942 жылдары Қарақалпақ жазушылар басқармасының жауапты хатшысы қызметінде болған. 1942-1944 жылдары Қарақалпақ искусство басқармасының бастығы болып қызмет атқарған. Өзбекстан Ғылым академиясының Қарақалпақ филиалының мәдениет және экономика институтының директоры болып істеген. 1946-48 жылдары Қарақалпақстанның жазушылар одағы басқармасының бастығы. 1945 жылдан пединституттың қарақалпақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болған. Нәжім Дауқараев 1947-жылы Өзбекстан Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланып, үлкен мемлекеттік жұмыстар атқарған.

Нәжім Дауқараев Қазақстанда оқып жүрген кезінде-ақ, редакциялардың жұмысына араласып, өзінің жазушылық қабілетке икемі бар екенін көрсете бастаған. Ол туралы жазушының өзі: «Бир күнлери институттан шығатуғын «Бұлақ» деген дийўалы газетаға кишкене ғана гурриң жаздым. Оның жүзеге шыққанына төбем көкке жеткендей қуанып қалдым. Жазарым жазсам да, уялып ҳеш кимге көрсетпей тығып қойдым. Бир куни института оқыйтуғын Орманов Ғалий деген жолдас көріп «Журналға жибер» деди. Ал 1929 жылы сол гурриңим «Жаңа мектеп» журналында («Қарақалпақ баласы» деген ат пенен) басылып шықты. Солай да 1933 жылға шекем жазушы болам дегендей ой болған жоқ», –дейді³¹.

Асан Бегимов, Нәжім Дауқараев, Мырзағали Дәрібаев т.б. қарақалпақ бауырларымыз өздерінің творчестволық тәжірибесінде қазақтың аса

³¹ Есмұратов Г. Нәжім Дауқараев. Нөкіс, 1965, 6-8 б.

көрнекті жазушыларына үнемі ыстық пейіл білдіріп, қаламдас ағаларынан үйреніп отырғанын мәлімдейді.

Нәжім Дауқараев өзінің Бейімбет Майлинеге көп еліктегенін, одан көп нәрсе үйрегенін айтады.

«Бір күні Бейімбеттің «Шұғаның белгісі» деген әңгімесі қолыма түсті. Оқыдым. Қызық екен. Тағы қайта оқып шықтым. Міне, менің әдебиетке құмарлығым осыдан басталды»,—дейді. Осыдан көп ұзамай-ақ оның тұңғыш әңгімесі «Көп күндердің бірі» деген атпен «Жаңа мектеп» журналының 12-санында 1929 жылы қазақ тілінде басылып шыққан.

«Нәжім Дауқараев қазақ әдебиетінің белгілі үгітшісі болған адам. Ол қазақ әдебиетінің ескі мұраларын жинаушы және зерттеушісі болған. Шоқан Уәлихановтай болмағанмен, қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуде оған деген інілік борышын ақтады»³²,—деп жазады Г.Есемуратов.

Қазақ, қарақалпақ әдебиеттерінің тығыз байланыста екендігін қарақалпақ әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі Мырзағали Дәрібаевтың творчествосынан да айқын көруге болады.

Мырзағали Дәрібаев (1909-1942) Қоңырат ауданының 5-аулында кедей шаруа семьясында туған. Бастауыш мектепті ауылда бітіреді. 1929 жылы 9 айлық мұғалімдер курсын бітіріп, аз уақыт оқытушы болады. 1935 жылы Ташкенттегі Орта Азиялық коммунистік жоғары шаруашылық мектебін бітіреді. Өмірінің соңғы кезіне шейін республикадағы түрлі баспа орындарында әр түрлі басшы қызметтерде болады.

М.Дәрібаев Қазақстан мен оның жүз жасаған ақыны Жамбыл туралы да көп өлеңдер жазады. Бұлардың ішінде «Дослық сәлем», «Жамбылға» деген өлеңдерінде қарақалпақ халқының қазақ халқына деген туысқандық сезімі шебер суреттелінген. М.Дәрібаев Жамбыл шығармаларын қарақалпақ тіліне бірінші аударушы болды.

³² Сонда, 56-б.

Қазіргі қарақалпақ әдебиетінің іргесін қалаушылардың бірі Қарабай Ереманов та қазақ әдебиетінің Қарақалпақстандағы қамқоршы достарының бірі. Қарабай Ереманов қазақ әдебиетімен ертеден таныс қарақалпақ жазушыларының бірі. Оның «Қарақалпақ қызы» пьесасы 1926 жылы Қызылордада ұлттық театрда қойылды. 1930 жылы қазақ тілінде жеке кітап болып басылып шықты. Пьеса идеясының төмендігі туралы кезінде қатты сыналды.

Қ.Еремановтың «Қарақалпақ қызы» пьесасы қарақалпақ әйелдерінің өмірінің бастан кешірген қиыншылықтарын көрсетуге арналған бірінші еңбек.

Қарақалпақ халқы өзінің жыршы ұлдарын, қалам қайраткерлерін мақтан етеді. Солардың ішінде Жолмырза Аймұрзаевтың орны бөлек.

Жолмырза Аймұрзаев 1936жылы Москвада қазақ өнері мен әдебиетінің тұңғыш онкүндігі өтіп жатқан кезеңде Сәкен, Сәбит, Бейімбет, Ғабит, Тайырларды өз көзімен көргенін қуанышпен еске түсіреді. 1936 жылы Пайтахтымыз Москва қазақ халқының әдебиеті мен искусствосының декадасының жүріп отырған уақты еді. Еңбектерін оқып, газет-журналдарда суреттерін көргенім үшін Сәкен Сейфуллин, Ілия Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсіреповты таний кеттім. Бұй ұстаған батырлардай тұрпаты ойырып алдымда киятырған сұлу сымбатты, жылы шырайлы масайрап адым басып жүрген Сәкен еді. Бұл менің қазақ әдебиетінің жалын жүректі, туысқан халықтың ірі уәкілдерімен кездесуім еді дейді.

1934-1936 жылғы туысқан халықтың әдебиетінің ірі өкілдерімен кездесулер маған үлкен әсер етті, өзбек, қазақ әдебиетін бұрынғыдан да үздіксіз оқуға өзіне тартты. Туысқан халық, бауыр басқан елдің еркін әдебиеті мені өз балапанындай тәрбиеледі. Қанат беріп қатарға қоса ұшырды.

Айбек пен Ғафұрдан, Сәкенмен Сәбиттен, Хамзамен Яшиннен, Ілияспен Бейімбеттен, Қадрий мен Абдулладан, Ғәбитпен Ғәбиденнен оқыған болсақ, Абдолла Тәжібаев, Ғамид Гулам менен бірге оқыдық. Бұлардың біразы әдебиетіміздің ақсақалдары болса, біразы тайдай таласа өскен қаламдастарымыз.

Ж.Аймұрзаевтың 1920-1930 жылдары жазған өлеңдерінен оның («Ерлер талабы», «Біздің сәт», «Поезд», «Салдық завод» т.б.) А.Блокка, Д.Бедныйға, В.Маяковскийге, қазақ жазушысы С.Сейфуллинге еліктегенін көреміз. Әсіресе «Поезд» өлеңі идеясы, тақырыбы, өлең құрылысы жағынан С.Сейфуллиннің поэмасына қатты ұқсайды. Ол жылдары қарақалпақ халқы үшін поездың келуі үлкен жаңалық болды. Оны ақын:

Абат етип техниканың күшлерин,
Бөледі өнерге советтің ели.
Бұрын жүрсек арбаменен шубалып,
Бүгін миндик сол поездқа қуанып—деп береді.

Ал С.Сейфуллиннің поэмасында заманның тарихи шындығы мен өз замандасының бейнесін бірлікте ала отырып, оны біртіндеп ашып, тұтастықта көрсету арқылы В.Маяковский үлгісін қазақ әдебиетінде тұңғыш қолдап шыққан ақын болды.

Міне заулап, отарбада келеміз,
Кейде жүріп, кейде бүлк-бүлк желеміз.
Жол құрыш,
Жолы өріс,
Аумау бұрыс
Қарақшыға апарады сенеміз.
Айда отарба, аямай күш, айдап бақ,
Дөңгелегің зырылдасын тақ-тақ-тақ.
Шаңған жарық,
Шамға қарық,

Болсын халық,
Электр жақ, тынбай айда, жол ұзақ!
Жол ұзақ,
Отты жақ,
Заулап бақ!
Қатты шап,
Трат –тат-тат!

Қорыта келгенде осы екі жазушының поэмасындағы («Советстан, «Поезд») лирика мен эпиканың ұштасуы тәрізді, ондағы жеке адам жаңа халық образымен тұтасып бірлікте алынған. Формалық та жаңалығы мол бұл шығармасында Сәкен өзі өмір сүрген дәуірдің бар мазмұнын, сырын, мақсат-мүддесін ашты.

Қарақалпақ жазушысы Ж.Аймұрзаевқа да, қазақ жазушысы С.Сейфуллинге де В.Маяковский үлгісі, оның тамаша шығармалары мен творчестволық тәжірибесі көмекке келгені даусыз.

Осы жерде бір нәрсені еске сала кеткенді мақұл көреміз. Әдебиет парақтарында белгілі дәуірде өз дәрежесіне ие болып, бағасын алған шығармаларды бұл күнде жұлып тастап, оларды талқылаудан бет бұрсак үлкен ағаттық болар еді. Сондықтан кейбір шығармалардың, өлең-жырлардың бұл күнде пәлендей құны мен маңызы болмаса да оларға салыстырмалы түрде анализ жасап, сол дәуірлердегі қазақ пен қарақалпақ әдебиеттеріндегі байланыстарды айтып өту біздің парызымыз деп білдік.

Бұл бітіру мамандық жұмысымызда 60-70 жылдардағы қазақ, қарақалпақ әдебиеттерінің проза, поэзия саласында қол жеткізген жетістіктеріне, сондай-ақ сонны соқпағымен өзгелерден ажыралып тұратын дара тұлғалардың кейбіреулерінің шығармашылығына тереңірек баруға әрекет жасадық.

Сондай-ақ Қарақалпақстан тақырыбын жырлаудағы қазақ ақындарының жырлары мен Қазақстан тақырыбын жырлаудағы қарақалпақ ақындарының басты тақырыптарына тоқталдық.

1.1. XX ғасырдың 60-70-жылдарындағы қазақ және қарақалпақ әдебиеттеріндегі байланыстар

Қазақ, қарақалпақ әдебиеті байланыстарының дамуы XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарына келіп, жедел дамыған болса, 60-70 жылдарға келіп, бұл қарқын саябырсыды деп айта алмаймыз. Әрине, бұл дәуірге келіп бауырлас қарақалпақ елі де өз алдына Автономиялы Республика болып, әдебиетте де, қоғамда да сара жолына, бағытына ие болып үлгерген болатын.

Ал, қазақ халқының да басынан өткізген жоғалтулары мен табыстары аз болмады. Әдебиеттер арасындағы даму кезеңі алдыңғы дәуірлерге қарағанда бірсыпыра өзгешеліктермен ерекшеленеді. Бұл өзгешеліктер, ең алдымен, біздің өміріміздегі және қоғамдық-саяси беталыстағы жаңалықтармен, КОКП XX съезінің (1956) шешімдерімен байланысты келді. XX съезд И.В. Сталиннің жеке басына табыну кезінде кеткен қателіктерді сынап, демократиялық нормаларды қалыпқа келтіру саласындағы жаңа істерге мұрындық болды. Кдерімен байланысты келді. XX съезд И.В. Сталиннің жеке басына табыну кезінде кеткен қателіктерді сынап, демократиялық нормаларды қалыпқа келтіру саласындағы жаңа істерге мұрындық болды. Кеңес адамына сенімсіздік көрсетіп, одан үнемі жаулық іздеу, көрші мемлекеттермен ылғи да қырғиқабақ болу, дүниежүзілік Мәдениет пен экономика дамуынан өздерін оқшау ұстау саясатын айыптады. Мұның Әдебиет дамуы жайындағы кейбір жалған теориялар, оның ішінде

«тартыссыздық», «уақыт дистанциясы», «шындықтың сыртын жылтыратып бейнелеу» сияқты ұғымдар сынға ұшырады. Жазушылардың өмірімен байланысын арттыру мәселесі көтерілді, творчестволық ынталылыққа жол ашылып, қаламгерге деген сенімсіздік азайды. Мұның өзі өмір талаптарынан туындаған дүниелер болатын. Оның бірталай белгілері өмір мен әдебиетте 50-жылдардың бас кезінде-ақ белгі берді де, И.В.Сталин өлгеннен кейін-ақ мойындала бастады.

Партия съезінің шешімдеріне сәйкес 1937 жылдары жазықсыз қараланған азаматтар ақталды. Қазақстанда С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Шәріпов, М.Даулетбаев сияқты жазушылар есімі мен шығармалары әдебиет тарихынан қайта орын алды. Ө.Тұрманжанов, Х.Есенжанов, М.Қаратаев, С.Талжанов, З.Шашкин тағы басқалар қайта оралып, жазушылық жолын жалғастыруға мүмкіндік алды.

1958 жылғы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі, осы дәуір ішінде өткен Қазақстан Жазушыларының IV (1959) және V (1966) съездері республикадағы әдебиет дамуының мәселелерін талқылап, оның жаңа міндеттерін белгіленді. Қазақстан жазушыларының қатары білімді, дарынды жастарымен толықты. 1959 жылы оның қатарында 158 адам болса, 1966 жылғы съезд қарсаңында олардың саны 242-ге жетті. Жас таланттар қазақ әдебиетінің ауыр жүгін арқалап келген аға буын өкілдерімен ынтымақтаса, бірлесе, әдебиеттің жаңа міндеттерін шешуге қатысты.

1.2. Қазақ, қарақалпақ әдебиетінің проза саласына 60-70 жылдары өзіндік соқпағымен келген қаламгерлер жайлы.

Енді осы 60-70 жылдар аралығында қазақ әдебиетінің проза саласынадағы елеулі ерекшеліктердің бірі жазушыларымыз тарихи тақырыптарға қалам тербеп, неғұрлым кеңірек суреттеле бастаған дәуір XVIII ғасыр оқиғалары, халықтардың тәуелсіздік үшін күресіп, сырт жаулармен айқасқа түскен, бүкіл болашағының мақсаты айқындалған, шытырман қайшылықтарға, ерліктерге, армандарға толы дәуір. Әсіресе қазақ халқына жоңғар басқыншыларының жойқын шабулы, қаскөйлік әрекеттері, қазақ халқының тосын қиын кезеңде көп шығынға, азапқа душар болса да, ес жиып елдік мінез танытып, қаражүрек дұшпанды өз жерінен қуып тастауға қабілеті жеткені бейнеленген І.Есенберлиннің «Жанталас», Ә.Әлімжановтың «Жаушы», С.Сматаевтың «Елім-ай», романдарында көтерілгенін көреміз.

Енді осы 60-70 жылдары қазақ, қарақалпақ әдебиеттерінің проза саласына өзіндік соқпағымен кіріп келген, тарихи тақырыптарда қалам тербеп, ел-халқының өткен тарихына үңілген дарынды жазушыларымыздың шығармашылығына тоқталып өтеміз.

Әбіш Кекілбаев-60 жылдары қазақ әдебиетінің ұлы көшіне біраз даңғаза-дабырмен жамырай келіп қосылған бір топ таланты замандастар ортасынан бұйра бас, қара торы, өнді өспірім жігіт бірден жұрттың назарын аударған еді. Асықпай айшықтап шешен сөйлейтін, барынша білімдар жігіттің биязы мінезі мен дәлелді пікірлеріне әркім-ақ ден қоятын.

«Кейбір өректіме тұрғыластарымыз өзгені тыңдаудан гөрі өзінің ішіне сыймай жүрген ойларын жариялауға асығып жар салып жатса, бұл ерекше байсалды мінезбен бұрын біз естіп-білмеген кейбір кітаптар мен авторларды алдымызға көлденең тарта бастаушы еді, сонда біздің арамыздағы небір даукес-білгіштеріміз де бәсеңсіп қалатын. Оның үстіне, бұл жігіттің сонау алыс түпкірдегі, түркмен даласымен шектес жатқан шағын ауылдан, Маңғыстау түбегінен келгендігі де біз үшін біраз қызғылықты жағдайдай көрінетін.

Ол қазақ жерінің өзге аймақтарына ұқсай қоймайтын осы түбектегі өмір, тірлік, сат-сана туралы, ежелгі аңыз-әңгімелер, ата-бабалар тағдыр жайында, даланың қым-қуыт бояулары төңірегінде қызыға, қызына әңгімелейтін, сол сәтте бізге ол туған жерінің шежіресі секілді көрінетінді» – деп жазады Бельгер.

Шынында да Әбіш Кекілбаев осы жылдар ішінде тынымсыз, табанды еңбек етіп, талантын әр қырынан таныта білді. Өлеңдер жинағынан басқа повесть, әңгімелердің, сыни еңбектерінің бірнеше кітабын шығарды. «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң» аталатын романдар жазды. Г.Мопассанның «Өмір», «Пьер мен Жан» романдарын, Л.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романдарының тарауларын, шет ел авторларының әлденеше пьесаларын, әңгімелерін қазақ тіліне аударды.

Кекілбаевтың шығармашылық жолы қазақ әдебиетшілері өз халқының өткені мен тарихтың көмескі беттерін жапа-тармағай жаза бастаған тұсқа сәйкес келеді. Романтикалық ерлік, өнегелерге толы сол бір құпия заманаларға үңіле отырып, өздеріне қажетті материалдар мен шабыт көзін тапқан базбір авторлар қаламынан туған ондаған романдар мен повестерді қазір сыншыларымыз жанрлық жағынан іріктегенде бірде тарихи-этнографиялық, бірде хроникалық деп атап жүр.

Прозашы Әбіш Кекілбаев, біздіңше, тарихқа басқаша жолмен барды. «Күй», «Ханша-дария хикаясы», «Шыңырау», «Бәсеке» атты повестерінде автор ежелгі аңыз-әңгімелерді шебер пайдалана отырып, өткен күннің жарқын да қаһарлы бейнесін, моральдық бейнесін жасайды, бүгінгі күннің көкейтесті мәселелерін қозғайды. Москваның «Молодая гвардия» баспасынан шыққан Ә.Кекілбаевтың «Дала балладалары»(1975) кітабына жазған алғы сөзінде Әбдіжаміл Нұрпейісов былай дейді: «Ол өзінің шығармаларында атақты тарихи тұлғалар есімін саудаға салмайды. Ол өзінің халқның өткен тұрмысын әспеттеу, әйтпесе мансұқ ету секілді мінезден де аулақ. Адам өмірінің әлеуметтік сыр-сипаттарын философиялық, психологиялық тұрғыдан терең көрсетуі бұл повестердің шыншылдық қасиетін ерекше көтере түскен».

Ә.Кекілбаевтың көркемдік палитрасының қуаты мен қасиеті де осындай– ол ежелгі аңыз-әңгімелерді бүгінгі күннің елегінен өткізіп, тарихи-философиялық тұрғыдан екшеп отырады. Өткен күндер шындығына бүгінгі күннің жарық сәулесін түсіреді. Кекілбаевтың суреткер ретіндегі ерекшелігін бір парасын осы төңіректен іздеуіміз керек. Демек сыншыларымыздың оның «Тарих пен бүгінгі күннің маңызды мәселерін» (Ш.Айтматов) ұтырлы қозғап, «әлеуметтік ірі идеяларды өзек ететінін» (Ә.Нұрпейісов), «адам баласының болмысы мен оның іс-әрекетінің себеп-салдарын іздеп, үнемі ой толғайтынын» (А.Руденко-Десняк) атап көрсетуі шындыққа әбден сай келеді.

«Күй» повесін – ежелгі тайпалар арасындағы талас-тартыс, араздық туралы, қатыгездік пен надандық жайлаған замандағы кейбір ұсқынсыз әдет-ғұрыптар туралы жазылған шығарма дейміз. Ата-бабадан мирас болып келе жатқан абырой-атақ, ар-намысты қайткенде аяққа таптатпау, дұшпан сөзін бастан асырмау секілді ежелгі ұғымдарды арқалаған батырлар мен дуалы ауыздардың барша өмірі ру намысын жыртудан аспаған заманның кескінін көреміз. Автор қазақ даласы мен түркімен құмдарының ғажайып суреттерін салуға құнарлы тіл де, ұтырлы детальдарды да таба біледі, бірақ осынау күн

нұрына шомылған зеңгір аспан астын мекендеген екі бауырлас жұрт ол кездерде өзара сыйыса алмай, ұғыса алмай талай тауқыметті бастан кешіріпті. Талай замандар бойы осы далада зорлық-зомбылықтың неше алуан түрі: шауып кету, алып кету, жер дауы, жесір дауы патшалық құрған. Жаулықтың тамыр жайып кеткені соншалық, жазықты мен жазықсызды айырып алып жату мүмкін емес-ті. Жұрт аузында «кек қайтару» деген қатал сөз бар. Осы сөз елдің есін алып, ішін мұздатқан, кеудеде шер-шемен боп қатқан. Тіпті аза-қаза үстінде де еркек атаулы қарына қанжар байлап жүруді әдет еткен. Той-томалақта ән айтып, домбыра шертуді ұмыта бастаған. Түркмен рубасы Жөнейіттің қатал қабағынан жақыны да, жаты да қорқады... Жөнейіттің інісі Көкбөрі де қан аңсаған қатыгездің өзі, мұның да бар өмірі жортуыл үстінде өткен.

Екі тайпа ел осылай жаулықта өмір сүріп жатты. Жөнейіт хан болса, өз ісінің дұрыстығына әсте шұбаланып көрген жан емес. Жамандықты балалатып отырып, бұл өз халқының даңқы мен дақпыртын асырдым деп біледі, ата-баба аруағн қорламауды қатты қадағалайды, өзін ел намысы мен әділеттің жоқтаушысы санатына қосады, осының бәріне ол шын көңілімен иланады. Ғасырлар бойы жасап келе жатқан әдет-ғұрыптан аттап өтіп, адамшылыққа қиғаш көрінетін әрекет құрсауын бұзып шығуға шалдың шамасы жоқ. Жөнейіт даланың қатал заңдарының құлақ кесті құлындай. Қартайғанынша бір қынжылса, тайпаласына бас көтерер батырлардың азайып бара жатқанын көріп тағы күйзеледі. Аттың құлағында ойнап, қанжар мен қылышты қапысыз қатар сермейтін үлкен ұлы қыршын кетсе, төңірегіне төбелеспен аты шыққан ортаншысы да бүгінде жат жердің топырағын жастанып жатыр. Ал кенже ұлы Дәулеттің— елдің бәріне сүйкімді көрінетін сері жігіттің — бала жастан қолына дутар ұстап, ән-күйге әуес болғанын Жөнейіт мүлде түсіне алмас еді. Осы ұлының көкірегіне жауға деген өшпенділік отын тұтату үшін Жөнейіт оны Темір бабасының моласының

басына түнетуге алып барады. Ұрыс-керіске әуел бастан икемі жоқ таланты бозбала әкесінің айтқанын істеймін деп ақыры мерт болады...

Жөнейіт қартайған шағнда алыс-жұлыспен өткен өмірінің пәлендей опа бермегеніне, адам баласының өшпенділікпен, кекшілдікпен, ызақорлықпен, жікшілдікпен баянды өмір сүре алмайтынына көзі жете бастайды. Бірақ қапайғыға белшесінен батқан, ыза-кектен ақылынан алжасқан кәрінің бұдан әріге өресі жетпейді. Қолға түскен күйші қазақ та осы жөнінде қинала ойлайды, бұл да адам баласының айуандық істер үшін емес, өз нәсілін көбейтіп, тыныштықта өмір кешу үшін жарық дүниеге келгенін күй тілімен марапаттайды. Өзінің көңілі құлаған осы ақиқатты Жөнейіттің де құлағына құюға тырысады. Сөйтіп екеуі де домбыра үніне – екеуіне де түсінікті бола бастаған жойқын күй сазына – құлақ түреді.

Рас, өшпенділік тек қана өшпенділікті тудырады екен. Осыны ұққан Жөнейіт қатты толқып, бұрынғы иланым-сенімінен айрыла бастайды, жапанда жалғз қалғандай беймаза халді басынан өткереді. Ыза-кекке, қайғы-қасіретке, ғыс-налаға толы домбыра үні Жөнейіттің тынышын кетіреді, енді бірде құдай алдында да, адам алдында да түк жазығы жоқ пішімі аса жұпыны, бейшара домбырашыға кәдімгідей жаны аши бастайды. Қайғы-қапа соңынан мәңгі көз жұмуға бет алғанда да ол әдеттегідей көк жебенің ысқырығын, көк семсердің суылын естімейді – домбырашы қазақтың немересі Құрбан үйренген сол зар ызың келеді құлағына... Қазақ, орыс, шет ел сыншылары тарапынан талай жылы сөз естіген «Күй» повесінің мазмұны мен идеялық пафосы міне, осындай.

Ал жазушының «Шыңырау», «Бәсеке» атты повестері ондағы оқиғалар мен әлеуметтік ой-пікірлер жағынан біздің заманымызға жақын тұр. Мұнда да Ә.Кекілбаевтың о бастағы философиялық, аналитикалық суреттеу тәсілінен айнымағанын көреміз, дегенмен бұл жолы ежелгі аңыз-әңгімелердің бірін таңдап алып, сонны өзінше байытып жатпайды, қайта керісінше – өткен ғасырда қазақ аулында өткен бірер қарапайым оқиғаны

тілге тиек етеді де, сонны шебер реалистік манерде трагедиялық коллизиялар дәрежесіне көтереді, сөйтіп бүгінгі күннің қажетіне асарлық адамшылық, этикалық мәселелерді күн тәртібіне қояды.

«Аңыздың ақыры» романында автор тағы да өзінің бұрынғы қалыптасқан байсалды, қазып айтатын баяндау тәсіліне ерік береді.

Ә.Кекілбаев прозасы, жалпы алғанда, өмір құбылыстарына байсалды ой-парасат көзімен қарауға шақырып, өткен мен бүгіннің ажырамас, диалектикалық бірлігін тереңірек түсінуге көмектеседі. Бұл проза қазақ тілінің ауызша, жазбаша озық үлгілеріне арқа сүйейді, содан да ол философиялық интеллектуалдық мағыналарға бай болып келеді.

Әзілхан Нұршайықов-Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының жүлдегері Ә.Нұршайықов 1922 жылы Шығыс Қазақстан (бұрынғы Семей) облысының Жарма ауданында дүниеге келген.

Алдымен ауылдағы орталау мектепті, Тау-кен институтының жұмысшы факультетін, Семейдегі Абай атындағы қазақ педагогикалық училищесін, Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтын, Қазақ университетінің филология факультетін бітіреді.

Ә.Нұршайықов 1941-45 жылдары Ұлы Отан соғысна қатысты. 1957 жылдан Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі, ұзақ жылдар Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы проза мен жас әдебиетшілер кеңесінің, КСРО Жазушылар одағына мүшелікке қабылдау жөніндегі комиссиясының төрағасы болды.

Ә.Нұршайықов Қазақ университетін бітірген соң – «Қазақстан пионері» газетінің бөлім меңгерушісі, «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторының орынбасары міндеттерін атқарады. Павлодар облыстық–«Қызыл ту» газетінің редакторы, республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы, республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы болып қызмет істеді.

Қазақ Кеңес Энциклопедиясында – тіл, әдебиет және фольклор редакциясының меңгерушісі, Қазақ ССР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері болды.

Ә.Нұршайықов Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері, Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы Мемлекеттік және А.А.Фадеев атындағы Мемлекеттік сыйлықтардың иегері.

Сондай-ақ, III дәрежелі Даңқ, «Құрмет белгісі», Халықтар достығы және II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, көптеген мерекелік медальдармен марапатталған.

Жазушы Ә.Нұршайықовтың шығармашылығына мұрасына жіті көзбен ден қойсақ, көптеген қаламгерлер секілді өлең-өнерді өмірдің басты мұраттарының бірі ретінде ерте серік еткені, сол арқылы адам қайратын, еңбек сипатын, жастық-достық сырларын қал-қадірінше көңіл көрігінде қорытып, көркемдік көкжиегіне еркін де сергек, серпінді түрде құлаш сермеуі терең танылады.

60-70 жылдары қарақалпақ әдебиетіндегі проза саласының дамуы туралы сөз еткенімізде қарақалпақ әдебиетінің ұлы классик жазушысы Т.Қайыпбергеновтың шығармашылығына кеңнен тоқтап өтсек орынды.

Тарихтың тағылымын бүгінгі ұрпаққа ұғындыру ниетімен қазақ, қарақалпақ әдебиеттерінде бой көрсетіп келе жатқан ортақ құбылыстарды салыстыра кеткенді мақұл көреміз.

Қарақалпақ жазушысы Т.Қайыпбергенов «Маман би әпсанасы» (1968) деген романында өз елінің, он сегізінші ғасырдың көп шытырман оқиғаларын бейнелеуді мақсат еткен. Нақтырақ айтқанда, автор аты шулы «Ақтабан шұбырындыдан» кейінгі қарақалпақтардың ру басылары кеңесіп, ойласып, ақырында Россияға өз еркімен бағынуды сұрайтын шешімге келгеніне дейінгі жайларды қамтиды. Екінші бөлімінде қарақалпақтардың өзара алауыздығы, Кіші жүз ханы

Әбілқайырдың зәбірі, озбырлығы, шабуылы салдарынан Сыр бойынан еріксіз көшуінің алуан оқиғалары қамтылады. Ал, үшінші бөлім қарақалпақтардың жаңа қонысқа- Хорезм еліне келгеннен кейінгі шындығын сыпаттайды.

Көп оқиғаны, мол адам тағдырын суреттейтін бұл романның танытқыштық сыпаты аз емес. Жанрлық жағынан алғанда, «Маман би әпсанасы» өз атынан көрініп тұрғанындай, ел аңызына, шежіре әңгімелеріне құрылған әңгімелеріне құрылған роман. Жанрлық бірталай белгілері І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясымен сарындас келеді. Мұнда ел арасында ауыздан-ауызға көшіп келген елеулі әңгімелер негізге алынады. Эпостағыдай, мұнда да айтушы, баяндаушының қызметі күшті. Қысқасы романда тарихи аңыздар қиял күшімен қайта жанданып, көркемдік жинақтаушылық санатқа ие болған. Қарақалпақ тарихының жарты ғасырлық, жолайрық, маңызды кезеңінің, бүкіл халық тағдыры жаңадан шешілген тұстың ақиқатын бұлайша беру әдеби дәстүрге қайшы емес.

Романнан аңғарылатын басты қорытындының бірі- қарақалпақтың халық ретінде оянып, жеке ел болуға ұмтылуын көрсетуі. Бұл процесс қандай жағдайларда өткенін жазушы қолдағы материалдарға және қарақалпақ халқының санасына, бүгінгі тарих ғылымының қисындарына сәйкес әңгімелейді. Әлбетте, тарих дерегін түрлі-түрлі көзқараспен бағдарлауға болады. Қарақалпақ руларының XVIII ғасырдың екінші жартысында Кіші жүз хандығының қоластынан шығып, Хиуаға ауа көшуі тарихи факт. Мұндай үлкен өзгеріске апарған түпкілікті себептерді «Маман би әпсанасы» жеткілікті ұғындыра алғандай. Тілі бір, түбі бір, дәстүрі жақын егіздің сыңарындай екі елдің бөлініп кетуі бұхара халықтың араздығынан емес, ру атқамінерлерінің әрекетінің салдарынан екені айқын көрінеді. Шығармада қазақ пен қарақалпақтың достығы табиғи,

нанымды айтылады. Тарыққан қарақалпақ ауылдарына табын Айғара би бастаған ауылдар талай рет мал айдап әкеп береді.

Ал, жалпы халықтың бұқаралық санасына қайшы келетін күштер елді билеп-төстеп отырған атқа мінер билер, хандар, рубасылар. Олардың бейнесі бірде Әбілқайыр, Ғайып, бірде Маман, Рысқұл деп аталғанымен, бәріне ортақ бір сыпат бар. Ол қарауындағы руды немесе халықты оңаша, дербес билеу ниеті.

Әбілқайыр болса, Кіші жүзді алдымен орыс патшалығына қарату арқылы Орта жүз Бен Ұлы жүзге үстемдік жүргізуді аңсайды, бұрыннан Кіші жүзбен бір хандық көлемінде өмір кешіп келген қарақалпақты уысынан шығарғысы келмейді. Қарақалпақтың ханы Ғайыптың «тәбеті» Әбілхайырға қарағанда шағындау- ол қарақалпақты оңаша билеуді ғана көксейді. Осы ниеті жүзеге асады ма деп қана ол қарақалпақ рулары өкілдерінің орыс патшасына «жеке ел ретінде қоластыңызға қабыл етіңіз» деген арызын мақұл көреді. Осылай болса, күштіхан Әбілхайырдан тәуелсіздеу тұратынын Ғайып жақсы сезінеді. Қарақалпақтың ең үлкен руы- Қоңыраттың көсемдері өз руының ғана мүддесін алғы кезекке қояды. Олар барлық құбылыстың пайда-зиянын тек рулық мұнарадан қарап бағалайды. Ал, ябы руынан шыққан Мұрақ шайық, Маман билер мақсаты бұдан гөрі кеңдеу: олар қарақалпақ елін Кішіжүз ханының билеушілігінен шығарып, жеке халық санатына қосқысы келеді және әлбетте халықтың тағдырын өздері шешкісі келеді.

Тарихи объективтік тұрғыдан қарағанда, Маман бидің шашыранды, алауыз қарақалпақ руларын бірлестіремін деп армандауы ұнамды құбылыс. Бірақ түптің-түбінде мұның да ойы үстем тап өкілінің тілегі болып шығады. Жеке әрекеттерінде, ойларында, сөздерінде азды-көптө айырмашылықтары бола тұрса да, қазақтың да, қарақалпақтың да байлары, билері, хандары еңбекші

елдің емес, өздерінің мақсатын жоғары қоя білгендер болып көрінеді. Міне, осының бәрі «Маман би әпсанасында» өмір, мінез шындығына орай суреттеледі.

Қарақалпақтардың Сырдария бойынан кетуі қазақтың еңбекші көпшілігіне зәредей қатысы жоқ, тек қарақалпақ пен қазақ билеушілерінің бақталастығынан туған жат әрекет екенін ұғындыруы- романның әділ, адамшыл деңгейін биіктетеді. Шығарма авторы бұл екі халықтың өзгеше жақындығын әр тұста-ақ орынды сөз етіп отырады.

Романда бірталай адамның нанымды көркем бейнесін ұшыратамыз. Қатал, азулы хан Әбілхайыр, айлалы аяр хан Ғайып, әділдікті, ел қамын туқып ұстағысы келетін Мұрат шайық, Қоңырат руының билеушілері Рысқұл, Есенгелділер, қарақалпақты патша қарауында өткізудің ең табанды әрекетшісі, қажырлы Маман би. Бұлар және басқа ондаған кейіпкер романның ұзына бойына өз орнында нанымды елес беріп отырады.

Қарақалпақ жазушысы Т.Қайыпбергенovтың «Маман би әпсанасы» романының көтерген оқиғалық, идеялық жүгі, көрсеткен тұлғалары жағынан роман эпопеялық сыпат танытады. Қарақалпақ халқы тарихының ең елеулі, ұрымтал жарты ғасырлық бөлегін мол шындығымен, алуан байланыстарымен, қайшылықтарымен көрсете алуы жазушының жемісті еңбегі екендігін дәлелдейді.

Әрине біз бұл бітіру мамандық жұмысымызда бірді-екілі қазақ, қарақалпақ әдебиетінің проза саласындағы өкілдеріне қысқаша тоқталып өттік. Қазақ, қарақалпақ әдебиеттерінің проза саласындағы байланыстарын әлі де тереңірек барып зерттеуді талап ететіндігін көкейіміз сезіп тұр, бұл әрине келешекте зерттеледі деп сенеміз.

1.3. 60-70 жылдардағы қазақ, қарақалпақ поэзиясындағы дараланған ақындар шоғыры

60-70 жылдардағы қазақ, қарақалпақ поэзиясы туралы сөз еткенімізде, бұл жылдардағы жаңа леп жаңа серпін поэзиямыздағы баттасқан шанды тазартып, дүр сілкіндіргендей болғанын айтуымыз шарт деп білеміз. Ырғақ, ұйқас, буын дегендерге әбден жүгініп, өлең жазудың, ақындықтың өзінше қағидасын шығарып алған ақынсымақтар мен сыншысымақтар жалаң мақтау, мадақтауға бой ұрып, заманның ағымына сай ұраншыл өлеңдер жазып мінберлерді бермей жүрген сәттерде жаңа серпінмен келген толқын олардың ордасын шайқағандай есеңгіртіп тастады десек қате болмас. Өлеңнің құрылысы мағынасынан емес, өлеңдегі мағына-мазмұн, идея оның пішінін, құрылысын өзі табатынын бізге дәлелдеген ақындар легі пайда болды. Олардан: қазақ ақындары М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов, Т.Айбергенов, Қ.Мырзалиев, қарақалпақ ақындарынан Т.Жұмамұратов, Ш.Сейтов, И.Юсуповтарды ерекше атап өтсек орынды.

М. Мақатаев, И.Юсупов, Т.Мәтұратовтардың ағынан жарылап, ақтарыла сөйлеген жырлары, халқының өшкенін тірілтіп, жаңа заманмен үндестіре білуі, қазақтың біртуар ақыны Ж.Нәжімеденов пен

қарақалпақ ақыны К.Рахмановтардың сыршыл да мұнды лирикасы, Қадыр Мырзалиев пен Ш.Сейтовтың ойлы, философияға құрылған, оқушыны ақыл-парасатқа жетелейтін өлеңдері өз дәуірінде жыр-сүйер қауымның таңдайында татып, «мықтымыз» деген ақындардың мысын басып, табанын тыпырлатқаны ақиқат. Ағынан жарылып ақтарыла айту, туысы да, тынысы да өзгеше өлеңдер поэзиямыздың беделін биіктете түсті. Дүниежүзі әдебиетінен, әсіресе өлең өрімінен аса білікті мамандар да жаңа толқындағы ерекшелікке тәнті болды.

Поэзиядағы бұл жаңалықты ғажап дүниеге балап, Ноғайлы батыр-жырауларымен үндесетін кереметін дәлелдеп берді. Енді осы жылдары қазақ, қарақалпақ поэзиясына өзіндік соқпағымен келген ақындардың кейбіреулерінің шығармашылықтарына кеңірек тоқтап өтейік.

XX ғасырдың 60-жылдарында қазақ поэзиясының шоқтығын биік көтерген дарын иесі, шын мәніндегі қайталанбас шығармашылық тұлға — Мұқағали Мақатаев болды. Халықтың рухани бай әдеби мұрасынан күш-қуат алған Мұқағали Мақатаев қазақ әдебиетіне, қазақ поэзиясына шалқар шабытпен, тегеурінді серпінмен, қаламдас достарының ішінен ерекше өз үнімен оқшау келгені белгілі. Ақын әлемдегі бар шындықты, ақиқатты ө жырына қосып, қазіргі заман мен тұрмыс сабақтарынан алған ақындық түйсік сезімін тартынбастан тереңнен толғанып, мүмкіндігінше оқушысының жүрегінен орын тебетіндей дәрежеде жазып, қазақ поэзиясында өзіне тән поэзияның сұлу сарайын тұрғызды. Ақынның екі өмірі бар десек, ақынның екінші мәңгі өмірі өзі жазып қалдырған әдеби мұрасы болмақ. Олай болса М.Мақатаевтың асқақ жырлары өзі туған халқының жүрегінде жыл өткен сайын жасарып, жадырап өмір сүре бермек. 1960–70 жылдардағы қазақ поэзиясын сөз еткенде М.Мақатаевтың жалынды да сыршыл, мұнды, әділ де ащы, өмір шындығын жырлаған лирикасын айтпай өту, таланты ақынға жасаған жәбір болар еді. Мұқағали 1931 жылы 9 ақпан күні Алматы облысының

Нарынқол (қазіргі Райымбек) ауданына қарасты Қарасаз деген ауылда дүниеге келеді. Балалық шағы Ұлы Отан соғысымен тұстас келеді. Мұқағалидің әкесі Сүлеймен соғысқа 1941 жылдың қараша айында аттанып, содан қайтып келмеген. Мұқағали соғыстың ауыр күндері 1944 жылы қолына құрық алып «Жырғалбай тамы», «Тасыбай тамы» деген жайлауларда қой бағады. Оған куә ақынның «Есімде жылқы баққаным» деген өлеңі. Мұқағали жесір қалған шешелері мен әжелеріне қолғабыс тигізеді. Соғыстың ауыртпалығынан болған азық-түліктің жетіспеуі Мұқағали секілді балаларды мұқата алмады. Қайта шынықтырды. Осындай қиын кездерде де Мұқағалидің қолынан қаламы түспеді. Мұқағали кохозда жұмыста жүріп, мектепте мұғалима болып істеп жүрген Лашын Әзімжанова мен 1949 жылы көктемде тұрмыс құрады. 1950 жылы Мұқағали Алматыдағы шет ел тілдері институтының неміс тілі факультетіне оқуға түсіп, өкінішке орай оның 2 курсы бітіріп, шаңарақ жағдайына байланысты одан әрі жалғастыра алмайды. 1952 жылдан бастап Мұқағали Қарасаздағы бастауыш мектепте орыс тілінен сабақ бере бастайды. Міне, әсіресе осы жылдары көп ізденіп, көп оқып өзінің білімін жан-жақты көтереді. Ауылдағы почта арқылы жаздырып алып, орыстың атақты ақын-жазушыларының еңбектерімен танысады. Атап айтқанда: А. С. Пушкиннің, М. Горькийдің, В.Маяковскийдің, С.Есениннің, А.Блоктың, М.Шолоховтың, А. Фадаевтың, Л.Леоновтың, А.Сурковтың, А.Твардовскийдің т.б. шығармаларымен танысады. Сондай-ақ бұлардан басқа шет ел әдебиеттерінен де алдырып оқитын болған. Әсіресе, Балзак, Мопассан, Гейне, Гете, Гюго, Байрон, Стендаль, Э.Потьерлердің шығармаларын, соның ішінде Шексперді, Бальзакты жаксы көргендігін білеміз. Бұл кітаптарды Қарасазға Лашынның туысқан ағасы Әбдімтәліп Әзімжанов Мәскеуде оқып жүріп, Мұқағалидің ерекше талантын танып, әрі жоғары бағалап елге жіберіп тұрған.

Мұқағали Мақатаев жоғарыда аты аталған ұлы ақын-жазушылардың шығармаларын зеректікпен, алғырлықпен тереңнен түсініп оқиды.

Классикалық көркем шығармалардан рухи азық алып, өзінің Жан дүниесінің нәзік сезімін азаматтық көзқарастан өлшеусіз байытты. Міне, бұл кезең Мұқағалидың жаңа бүршік шығарған жауқазындай ашылып, поэзия әлеміне немесе поэзияның нәзік тылсымды болмысына жүрек сезімі мен келіп, қиында, жауапты поэзия азабына жан-тәнімен беріліп, ақындық шабытпен күн-түн демей сарыла творчестволық іздену, үйрену дәуірі еді. Оқушы қауымға жаңа таныла бастаған жас ақын Мұқағалидың 1951 жылы «Жастық даусы» деген жас ақындар жинағында екі өлеңі, 1954 жылы «Әдебиет және искусство» журналында үш өлеңі жарияланды. Ақынның қызмет жолына тоқталар болсақ, үш кезеңге бөліп қарасақ болады: біріншісі – 1950-60 жылдарда қазақ радиосының дикторы, ауылдық мектептің мұғалімі, «Қызыл отау»дың меңгерушісі қызметін атқарған уақыттары. Бұдан соң Мұқағали 1960-1973 жылдар аралығында Нарынқол аудандық «Кеңестік шегара» газетінде жауапты хатшы, «Мәдениет және тұрмыс», «Жұлдыз» журналдарында әдеби қызметкер, Қазақстан жазушылар одағында поэзия бөлімінің кеңесшісі және соңынан «Жұлдыз» журналында поэзия бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады. 1973-74 жылдары М.Мақатаев Москвада М.Горький атындағы әдебиет институтында оқиды. Ал, 1975 жылдан бастап ақын шығармашылық жұмысқа өтеді. М.Мақатаевты оқушы қауымға кеңінен танытқан туындысы 1961 жылы жазған «Аппассионата» поэмасының жарыққа шығуы еді. 1962 жылы Мұқағали жанұясымен Нарынқолдан Алматыға көшіп келеді. Ақынның алғашқы кітабы кеңестік қоғамының көсемі атымен жарыққа шығады. Міне, содан бастап көлемі жұқа болса да, мазмұны терең өлеңдер мен поэмалардан құрастырылған кітаптары шыға бастады. Оларды арнайы айтсақ: «Армысыңдар достарым» (1966), «Қарлығашым келдің бе?» (1968), «Мавр» (1970), «Дариға – жүрек» (1972), «Аққулар ұйықтағанда» (1974), «Шуағым менің» (1975), «Өмірдастан» таңдамалысы ақынның көзімен көріп, қолымен ұстаған соңғы кітабы. Алып жүректі, арқалы ақынның өзі

өлгенмен артына қалдырған отты жырлары жырсуіер халқымен мәңгі жасай бермек.«Ешкім, ешнәрсе ұмытылмайды» деп халық бекерге айтпаған. Халықтың аяулы ақыны Мұқағали Мақатаевтың есімін мәңгі қалдыру ниетімен оның атына төмендегі шараларды көрді: Нарынқол ауданындағы бір мектеппен сол аудандағы мектеп-интернатқа, Қарасаз селосындағы ақынның өзі жасаған көшені, осы ауылдағы үлкен паркті, Нарынқол ауданындағы ақынның жұмыс жасаған газеттегі өзі ұйымдастырған бірлестік атын, Алматыдағы тұңғыш мектеп-гимназияға және бір көшеге Мұқағали Мақатаев есімі берілді. Ақынның туғанына 60-жылдық тойына ақынның бұрынғы музейі арнайы салынған үлкен, зәулім сарайға көшіріліп, алдына Мұқағали Мақатаевтың мәңгілік ескерткіші орнатылды. Сондай-ақ Қазақстан Жазушылар одағында 1978 жылдан бастап әр жылдың әдеби қорытындысында ең жақсы жас ақынына арнап Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлық тағайындалды.

Мұқағали лирикасының басты ерекшелігі-аз сөзге көп мағына беру, өмір шындығын өзінен ойып алғандай көркем жанды суреттеу арқылы елестету. Сондықтанда оның өлең өте шағын жинақты, басы артық сөздің болмайтыны осыдан. Мұқағали жырларынан кейін қазақ поэзиясында Әуезов айтқандай «саяз қалқу, шала қарпу», жеңіл-желпі ұйқас құрып өлең жазу қиындады. Ақиқатында да қазақ поэзиясы үшін Мұқағали өз жырларымен үлкен серпіліс ала келді. Мұқағалидың күдіретті жырлары, өзі тұстас замандас кейбір ақындардың әлсіз, жарымжан жазылған, жалған сезі мге, арзан ұйқасқа құрылған өлеңдердің жыр сапынан ысырып шығарды десек ешкім бізге дау айтпас.

Мұқағали поэзиясы-азаматтық пен адамгершіліктің симфониясы. Бұл оның махаббатты, туған жерді, Отанды, бүкіл тіршіліктің анасы болған жұмыр жерді жырлайтын өлеңдерінен анық көрініс табады. Осындай тақырыптарға арналған өлеңдері бүгінгі қазақ поэзиясындағы идеялық-көркемдігі жағынан жетіскен, мазмұнды тәуір нұсқалар деп қарауымызға

тұрарлық. Ақынның Отанға деген терең махаббаты «Мейлі мені шығарсын шірік қылып» деп басталатын жырында зерек көңіл, зерделі ой тасқынымен зор шабытпен жүрек тебіренерлік пафоста жазылып, айтар идеясы өте тереңде жатқандығымен оқушысында туған жерге, Отанға деген патриоттық ыстық сезімді оятады. Сөзіміз дәлелді болу үшін, жыр жолдарынан үзінді оқиық:

Басымды иіп, тіземді бүгіп тұрып,
Ажарымда айдындай шуақ тұнып,
Отанымды сүйемін күліп тұрып,
Отанымды сүйемін жылап тұрып (1)

Немесе «Отаным саған айтам » дейтін толғауында:

...Сүріну бар да, самғау бар,
Тірлікте кейде алдау бар.
Отаным саған айтамын,
Менде бір аппақ арман бар,
Ақтығы-алғаш жауған қар.
Ақ жырым аппақ құстарым,
Ақ көңілдерге самғандар,
Бұтаға қонып қалмаңдар!
Алдарында әлі таңдар бар,
Бұтаға қонып қалмаңдар (2)

Жүз жиырма бір жолдан тұратын осы толғауда Отанға, қоғамға, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа, адамзат психологиясына тең болған бүкіл тірішіліктің терең мазмұнын, ақындық ақ көңілмен, поэтикалық нәзік сезімді серпіліспен, интонациялық өлең ырғағын үдете отырып шеберлікпен суреттейді. Ақын алдағы атар таңдарға даналықпен терең философиялық ой жібере отырып, өзінің жүрек жарды жырларына мәңгілік өмір тілейді.

Ақын шығармашылығында оның Отанға, туған жерге деген сағынышын, махаббатын, құштарлығын ерекше көркем түрде сездіріп, оқушысын тәнті ететін ойнақы лирикалары баршылық: «Отанның қадірін білем десең», «О, туған ел», «Қазақстан», «Отан» т.б. Міне, осы аты аталған өлеңдерінде ақын туған жердің не бір тамаша сұлу да әсем көрінісін сөзбен сурет салып көркем шындықпен, поэтикалық терең оймен, эстетикалық тұрғыдан шебер бере білген. Бұларды оқи отырып жаныңа рухани азық, эстетикалық, тәрбиелік әсер алып, ақынның ақиқат жыр дүлділі екеніне сүйсінесің әрі таңданасың. Талғампаз ақынның өмір шындығына зер сала отырып өзінің шығармаларында өзек боларлық объектіні, олардағы оқиғаларды уақытпен бірге адымдатып, шебер сомдалған тармақтармен өрнектеген қас шебердің өзі екендігін байқағандай боласың.

60-70 жылдардағы қазақ поэзиясының кең аспанындағы жарық жұлдыздардың бірі болып саналатын, қайталанбас құбылыс болып болып жыр сүйер көпшілік қауымның жүрегінен өзінің лирикалық «мені» кейіпкерлері арқылы тұрақты орын алған Мұқағалидың отты өлеңдері жасқа да, кәріге де бірдей. Жастарға қанатты шабыт беріп, оларды өз дәуірінің қай құбылысына болса да терең философиялық оймен қарап, ақиқат адал, шындыққа ынтық болып жаңаша сеніммен өмір сүруге эстетикалық жақтан тәрбиелейді. Үлкен жастағылардың да жүрек сырын дәл басып рухани жақтан азық болып, жан дүниесімен ақындық поэтикада сырласып, жанына да, тәніне де жаңаша күш-қуат беріп, өмірге құштарлықты, қимастықты, өткінші жалғанға болған пендешілік көзқарасты жан-жақты зерделі ойменен көптеген лирикаларында тебірене суреттейді:

**Өмір жайлы сұрай берме сен менен,
Өмірді мен әлі зерттеп көрмеп ем.
Өмір жайлы білгің келсе, қартқа бар,
Қан майданнан жалғыз ұлы келмеген.**

Жесір келін, бір нәресте көрмеген.

Жетім шалды бала орында тербеген...

Содан сұра, содан сұра өмірді,

Нені көрді, нені сезді, не білді...

десе, енді бірде «Өтініш» дейтін өлеңінде былайша толғанады:

Ескі көздер бара жатыр азайып,

(Олар жайлы ойламаудың өзі айып).

Ей, тірілер!

Соларды еске алып,

Тебіренейік, толғанайық, жазайық!

Ақын осы өлеңдерінде халықты және оның тарихын, туған жерді, жасы үлкеннің қадіріне, қасиетіне жетіп, қастерлеп ардақтауды, өткені мен келешегін терең түсінуді өзіне мақсат етіп қояды. Бұл жерде бүкіл поэзиясында әлеуметтік-эстетикалық жақтан арман еткен терең ой иесін көріп, өзіңіз де күнделікті пендешілік тірлігіңе ой жіберіп, халық үшін қандай пайда келтірдім деп ойланып, толғанасың да одан әрі өлеңді қайталап оқи бергің келеді.

Мұқағали өзінің көптеген лирикаларында адамгершілікті, моральдық жағынан таза болуды, достықты жырға қосып, өзінше өмірдегі бар шындықты жасырмай адамдар арасындағы қарым-қатынастағы кездесетін жағымсыз, ұнамсыз жат қылықтарды әшкерелеуді, олардың бейнесін жасауда өте сезімталдық көрсеткен. Ақынның өтірік айтушылық, жағымпаздық, жылпастық, екіжүзділік, тұрақсыздық, мақтаншақтық сияқты адам мінезіндегі кездесетін парықсыздықты дәл тауып сынаған өлеңдері баршылық, олардың бірнешесінен үзінді оқиық:

Жылдар бойы бірге жүріп, бір күлген,

Жақыныңның жат боларын кім білген.

Адамдарды зерттей алмай жүрмін мен,

Оны зерттеу мүмкін емес, білдім мен...

десе одан әрі «Отаным саған айтам» дейтін толғауында:

*Мансанқорлардың қасынан,
Шықпайтындарға ашынам!
Жалданып өскен жасынан,
Жағымпаздарға ашынам!
Өзіңе ғана бас ұрам,
Сенесің бе, Отан, осыған!
Айрылған адал досынан,
Алаяқтарға ашынам!..*

деп келіп, және бірде ол аздай:

*Азамат едің тәп-тәуір,
Барасың болып жат бауыр.
Жалт беріп, сырғып кеткенің
Жаныма менің баты ауыр-*

Деп адам баласына тән болған айырым мінез-құлықтағы ақауларды, адам психологиясының түрлі қалтарысты терең сырларын надан, жексұрын адамдарда аз да болса арамызда кездесетін ұнамсыз, жағымсыз іс-әрекеттерді көкірек көзімен көріп, жүрекпен сезіп, саналы ой елегінен өткізіп жан-жақты бейнелеп әшкерелеуде өте керемет шеберлік танытады.

Ақын шығармашылығында кездесітін тақырыптардың бірі- достық туралы. Мұқағали бұл тақырыпта да көптеген өлеңдер жазып, өзінің достық, жолдастық жайлы терең де идеялы, өрелі ойларын, нәзік сезімдерін жыр жолдарына түсіріп көркемдік бейнеде суреттеп лирикалық қаһарманның әр қырынан көрінетін мінез-құлықтарын ішкі психология сезімімен айғақтайды. Сонымен бірге Мұқағали өзінді стилін, ақындық ерекшелігін осы тұста танытты.

Таланты ақынның бұл тақырыпқа арнаған өлеңдерінен айтар болсақ: «Дос болам десең..», «Досым, саған сенемін», «Көңілсізсің көңілің қаяулы

ма?», «Қадірлі дос», «Қайран бауыр», «Кездесу», «Жаным, сен жасымағын», «Дастархан үстінде», т.б.

Қарақалпақ поэзиясында дәл осы Мұқағали сияқты мұңды да сыршыл өлеңдер өрімін өрген дарынды тұлға *Шаудырбай Сейітов* десек қателеспейміз. Ол қарақалпақтың поэзиясы мен қатар прозасы саласында да өнімді еңбек етті. Бірақ біз қазір оның поэзиялық туындыларына тоқтап өтуді мақұл көріп отырмыз.

Ақынның лирикаларына тоқталсақ, поэзия саласына 60 жылдары кіріп келген таланты ақын 1964-жылы «Үшпелек», 1970 жылы «Таулардан саза», «Соқпағым менің қайдасың?» атты жыр жинақтарын баспадан шығарды.

Ш.Сейтовтың лирикалық және эпикалық поэзиясы ХХ ғасыр қарақалпақ әдебиетінде салмақты орынды иелейді. Олар идеялық-тақырыптық және жанрлық-стилдік және көркемдік көзқарастан өзінің алуан түрлілігімен ажыралып тұрады.

2-бөлім.

2.1. Қазақ ақындары жырларындағы Қарақалпақстан тақырыбы.

Кешегі Кеңестік дәуірдегі туыстас республикалар арасында жиі болып өтетін әдебиет, мәдениет күндері, апталықтарының ұнамды жақтарының басым болғандығын мойындамасқа шарамыз жоқ. Осындай байланыстар әдебиет майданында өз ізін қалдырып отырды. Белгілі қазақ ақындары Қарақалпақ жеріне келгенде Амудария бойында отырған кеңпейілді қарақалпақ халқына арнап жырлар жазғанының куәсі болып отырмыз.

Қазақ ақындары Сырбай Мәуленов, Хамит Ерғалиев, Фариза Оңғарсынова, М.Мақатаев, С.Жиенбаев, Д.Әбілов, Т.Айбергенов т.б. ақындардың қарақалпақ тақырыбына арналған туындыларынан қазақ және қарақалпақ халықтарының дәстүр мен салт-сана, мәдениет пен әдебиет қатынастарының терең тамырлары мен бір-біріне болған ыстық ықыласын байқағандаймыз. Ертеден ауылы аралас, қойы қоралас тату ғұмыр кешіріп келе жатқан қазақ, қарақалпақ халқы бір-бірінің әдебиеті мен өнерін тереңірек білуге ұмтылғаны заңдылық.

Фариза Оңғарсынованың «Қарақалпақ туысыма» деп аталатын жыр жолдарында қазақ халқының көңілін, қуанышын былай көрсетіп береді:

Еншілес едік, ананың сүтін бөлісіп ішкен

ер жетіп,

Қосылып салған ән-жырымызбен даланың

төсін тербетіп.

Өзіңді бүгін қазақтың байтақ даласындай

дархан көңілмен,

Қарсы алап тұрмын сағынышымды селдетіп... деп, әсерлі де айшықты сөздер арқылы шеберлікпен жеткере білген.

Қарақалпақ пен қазақ халықтарының арасындағы достық тақырыбына, бақытты тұрмысына, жарқын келешегіне Сырбай Мәуленов, Дихан Әбілев, Хамит Ерғалиев, Сағынғали Сейітов, Сағи Жиенбаев т.б. ақындар бірнеше өлеңдер арнап, екі халықтың достығын былай жырға қосады.

Белгілі ақынымыз Сырбай Мәуленов:

Аралға екі дәрия

Бірге барып құйғандай.

Менің де досым қасымда,

Екі жүрек тұрғандай—десе, Дихан Әбілев «Ащыкөл толқыны» деген өлеңінде:

Қарасам Алатаудың бөктерінен,

Жүзінді көргендеймен көкте күннен.

Күміс көл, қарақалпақ пейіліндей,

Толқының көкрегімде кеткен білем,—дейді.

Қарақалпақстан туралы көбірек өлең жазып жүрген қазақ ақындарының бірі—Сағи Жиенбаев. Ол «Алматыдан Нөкіске дейін»,

«Бұлт аясында», «Қарақалпақ жерінде», «Қарақалпақ бауырыма», «Ақын досыма» деген лирикаларын жазды.

Т.Айбергенов жырларындағы Қарақалпақстан тақырыбы туралы көсіле сөйлеп, тебірене жазып жүрген дүниелер аз емес. Дегенмен Т.Айбергеновтың Қарақалпақ жерінде дүниеге келуі, осы өлкеде өсіп кемелетке келуі оның жырларының аса сыршыл болуына басты себеп екендігін басып айтсақ болады. Әрине Қарақалпақстан жайлы жырлаған қазақ ақындары аз болмады, әлі оларға тоқталып өтеміз, алайда олардың ешбірінде Төлегенше тебірену, Төлегенше шынайылық аз байқалады. Т.Айбергеновке осы аймақтың ысқырған құмы, ысылдаған желі, бет қаратпайтын қатал табиғаты ерекше жігер берген сияқты. Қайсарлық пен өжеттікті, өршілдікті осы Қарақалпақ өлкесінен бойына жұқтырды десек асылық болмас. Ол ән салып аққан бұлағы, теңселіп тұрған орманы бар, биікке қол созып көкпен таласқан заңғар таулары бар аймақта туып өспесе де, тылсым табиғатқа тіл бітіре білетін, жан ендіретін сыршыл, сезімтал, ешкімді қайталамайтын керісінше өз ізіне өзгелерді ерте білген лирик ақын болды.

Т.Айбергенов жырларында Қарақалпақстанның бір өлкесі екіншісіне ұқсамайтын, әр тауы мен әр көлінің өзіндік келбеті барлығын, туған жер табиғатына, тарихы мен мәдениеті, өткені мен бүгіні, тауы мен тасы, тіпті қаракөз қыздарына деген ыстық махаббатын сыршыл лирикасы арқылы көрсетіп бере білді.

Ақынның «Қарауымбет», «Барсакелмес», «Кегейлі», «Қоңыратқа», «Теңіз», «Көл», «Үстірт басында» т.б. өлеңдері қарақалпақ жерінің қайталанбас табиғатын алуан түрлі бояулармен құлпырта өрнектеген туындылары болды.

Т.Айбергенов жырларындағы осындай туған ел табиғатына деген махаббат И.Юсупов жырларымен астасып кеткендей. Мысалы

И.Юсуповтың «Күншығыс жолаушысына» деген жыр жолдарында Қарақалпақ өлкесінің табиғатын, географиясын суреттеумен қатар, халқының бір күн қонақ келмесе есікке алаңдаумен көңілі болмай отыратынын, қазанына қонағының несібесін қоса салатын кеңпейілдігін сондай-ақ әдет-ғұрыпындағы ерекшелігін айқын көрсетуі арқылы өз халқын мақтан етеді, өзгелерді де сүйсіндіреді.

Өз кезегінде И.Юсуповтың Қазақ халқына, еліне деген құрметін, ыстық сезімін білдіретін ғажап туындылар жазғанының куәсі боламыз.

Жасыл жапырақ, ақ балтырлы қайыңдар,

Шарпыды ме қоңыр күздің ызғары.

Бұл сөзімді шулап көкке жайыңдар,

Сұлу екен Алматының қыздары..

десе, Т.Айбергеновтың «Қарақалпақ қызына» деп аталатын өлеңінде:

Қалайша арман саған елтімесін,

Дауысын қазды аспанның келтіресің.

Қайтпасам болмайды енді Алматыма,

Сен мені өртей-өртей өлтіресің,-деп қарақалпақ қыздарының сұлулығына тамсана отырып, өзінің шексіз құрметін де жасырмаған.

60-70 жылар поэзиясын парақтап отырғанымызда біздің назарымызды қазақ ақыны Сағынғали Сейітовтың жырлары өзіне тартты. Бұл ақын Қарақалпақ жерінде болып, оның әсем аудандары арнап, «Шымбай», «Кегейлі» деген жырлар жазған, бұл өлеңдерінде ақын қарақалпақ халқының бауырмалдығына, ықыласына сүйсініп, өзін де осы елдің ұлындай сезініп, еркелеп жүргенін шабыттана жырлаған. Мысалы:

Келе сала жеріңе,

Дос-жараным көбейді.

Бір ұлы деп мені де,
Санай берсін Кегейлі,- дейді.

Кегейлі деп аталатын Қарақалпақстанның осы кіші ауданының қазақ ақындарының аузына көп түскеніне танданбасқа шараң жоқ.

Т.Айбергеновтың

Кегейлім жердің еркесі,
Жас жаным толқып тұр менің!
Бердақтың сүйген өлкесі,

Әжінияз айтқан жырмедің,- деп басталатын жырын тыңдаған талай қазақ «Кегенді айтып тұр ғой»,- деп осыншалық әсем жырды тудырған өлке Қарақалпақ жерінде деуге қимағаны шындық. (Кеген Алматы облысына тиісті аудан. А.С.)

1961 жылы қазақ тілінде шыққан «Қарақалпақ жырлары» атты жинақта қарақалпақ ақындары Бердақ, Күнхожа, Аяпберген Мұсаев, Садық Нұрымбетов, Асан Бегимов, Әмет Шамуратов, Наурыз Жапақов, Қармыс Досанов, Хожабек Сейітов, Ибрайым Юсупов, Байнияз Қайыпназаров, Тілеуберген Жұмамұратов, Мариям Қасымова, Бабаш Исмаилов, Өсербай Хожаниязов, Қожамұрат Тұрымбетов, Жолдас Сейітназаров, Ізбасар Фазылов, Дали Назбергенов, Мырзағали Дәрібаев, Ғалым Сейітназаровтың өлеңдері енген. Ол өлеңдерді аударуға қазақтың көрнекті ақындары Ж.Сыздықов, Ж.Молдағалиев, С.Мәуленов, С.Сейітов, Б.Ысқақов т.б. қатысқан.

Халықтар достығы –бүкіл көп ұлтты туыс халықтардың әдебиетіндегі басты тақырыптардың бірінен саналады. Бұл тақырып қазақ және қарақалпақ әдебиеттерінде да жырланбай қалған жоқ. Екі халықтың достығы, тарихы тағдырының бірлігі, ұқсастығы талай шығармалардың арқауы болып, идеялық және сюжеттік жемістің негізгі тиегіне айналды. Халықтар мен әдебиеттер достығы

жазушылар мен ақындар достығын туғызады. Екі елдің көрнекті ақын-жазушылары Жамбыл мен Сейфулғабит Мәжитовтың, Әуезов пен Аймұрзаевтың т.б. ақын-жазушылардың өзара достығы, творчестволық ынтымақтары осының айғағы бола алады.

2.2. Қарақалпақ ақындарының Қазақстан тақырыбын жырлауы.

XX ғасырдың 60-70 жылдарына келіп, қазақ, қарақалпақ әдебиеттерінің байланыстары күшейе түсті. «Қарақалпақ жұртшылығы туысқан қазақ әдебиетін жанындай сүйеді. Оның тандаулы шығармаларынан қаламгерлеріміз үлгі алады, үйренеді» – міне, осындай зор құрметке ие қазақ ақындарының шығармаларын 1961 жылы «Қазақ шайырлары» деген атпен қарақалпақ баспасы

басып шығарған. Бұдан кейін Сәкен Сейфуллиннің, Ілияс Жансүгіровтың лирикалары, Сәбит Мұқановтың «Көңілім», «Жазғы таң» өлеңдерімен «Сұлушаш» романынан үзінді берілген. Қазақ әдебиетінің көрнекті ақындары Омар Шипин, Асқар Тоқмағамбетов, Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Ғали Орманов, Қасым Аманжолов, Сырбай Мәуленов, Дихан Әбілев, Жұмағали Саин, Мариям Хакімжанова, Сағи Жиенбаев, Хамит Ерғалиев, Жұбан Молдағалиевтің шығармалары басылған. Сонымен бірге бірқатар жас буын ақындардың да өлеңі бар.

Туысқан қарақалпақ халқының көрнекті ақыны Т.Жұмамұратов қазақ халқына бірнеше өлеңдер арнаған ақын. Қазақ халқының жетістігіне де, қуанышына да ортақтасып, әрқашан да өзінің тамаша лирикалары мен тілегін білдіріп отырған. Ақынның «Алматы астанасында», «Сәлем», (Гурьев еңбекшілеріне), «Балықшы», «Ескерткіш», «Бұл не деген кең жаһан», «Қарағанды» т.б. толып жатқан өлеңдерінің барлығын да Қазақстан еңбекшілеріне арналған.

Ақын «Қарағанды» деген өлеңінде:

Уа, Арқаның асқақтаған алыбы,
Сенде қалды жүрегімнің жарымы.
Сөнер емес, мен Нөкісте жүрсем де,
Саған деген махаббаттың жалыны!
Сұлусың сен, дидарыңа нұр толған.
Жомартсың сен, сыйлығыңа қыр толған,
Сенің сырбаз сипатыңды көргенде,
Ақындардың жүрегіне жыр толған³⁷,—дейді.

Т.Жұмамұратов—халықтар достығының жыршысы, қазақ әдебиетінің досы.

Қазақ досым, келсең біздің ауылға,

³⁷ «Жұлдыз», 1972, №6, 111-б

«Бөтенмін» деп өзіңді әсте санама!

Түсінбеспіз қарақалпақ тілін—деп,

Байқаусыз бізден тілмаш сұрама,—деп ақын тегін жырламаған.

Т.Жұмамұратов қазақ, қарақалпақ халықтарының арасындағы терең тамырластықты жырлағанда, «Қазақ досыма» деген өлеңінде тамаша жолдармен өрнектей білгендігін көреміз:

Қалама кел, ауылыма барып кет,

Бойдақ болсаң, ару таңдап, алып кет.

Жігіт те көп қазақ қызы сүйгендей,

Жұрт жаңартып тағы құда болып кет!

Қадірлеймін, сенің үшін мал сойып,

«Дәстүрім» деп алдыңызға бас қойып.

Мейлі стол, мейлі жастық жастанып,

Қыздар құйған қара шайдан іш тойып.

Отанымда елім тыныш, халқым шат,

Ағаның да, құрбының да дәмін тат.

Бәрінен де ең қадірлі сыйлығым—(37)

Жүректегі лаулап тұрған махаббат,—деп лирик ақын ежелден қыз алысып, қыз беріскен құдандалы-жекжет ел екендігін дәлелдей түскендей.

Т.Жұмамұратов шығармашылығының бір ерекшелігі сатира мен юморға да толы. Ол Қазақстанға барған бір жолында қазақ халқының қазіргі шаттық тұрмысын көрсетумен қатар сол кездегі асыра сілтеушілікті де сауырсипар қылып сынға ала кеткендей. Мысалы ақын Қазақстанның бір колхозына барған он алты Еңбек Ерімен кездеседі. Бұл жағдай ақынға қатты әсер етіп:

Таудай биік ылғи есік алды,

Көрінбей коммунизм несі қалды.

Бір колхозда 16 герой болса,

Бәрі герой болмаған несі қалды,- деген жыр жолдарын табанда суырып салмалық дарынымен шығарған көрінеді.

III. Қорытынды

Қорыта айтқанымызда көршілес отырған ежелден құдандалы әрі туыс, тілегі бір екі елдің әдеби байланысы өте ертеден басталады. Сыртқы жауға қарсы ортақ күрес пен екі халықтың тіл туыстығы, тұрмыс бірлігі екі ел адамдарын өте жақындастырғаны, ауыр

күндерде бір-біріне демеу болғандығын тарихтан жақсы білеміз. Қазақ пен қарақалпақ халықтарының батырлық және лиро-эпостық жырларындағы жақындықтан олардың бір арнадан сусындап, бір тыныстағанынан дерек береді десек қате болмас. Өздерінің тарихы жағынан, тарихи оқиғаларды бірге бастарынан өткеріп бір-бірімен тығыз байланыста болғаны жағынан қазақ-қарақалпақ мәдени, әдеби байланыстары бұл халықтардың ауыз әдебиеті туындыларында да, жазба әдебиеттерінің туындыларында да өз көріністерін тауып отырғандығына куәмыз.

Ал жиырмасыншы жылдардың 60-70 жылдарына келіп бұлардың бәрі тарих беттерінде хатталып, ақын жазушыларымыздың шығармашылығында жарқын көріністерін тауып жатты. Ақындарымыз жырларында халықтардың ежелден бауыр, туыс, түбі бір екендігін мақтана жырласа, жазушыларымыз романдарында сол жақындықты көрсетіп бергендігін жұмысымыз барысында айтуға әрекет еттік.

Қазақ, қарақалпақ жазба әдебиеттерінің келіп шығу, қалыптасу тарихыда бір-біріне ұқсастығы да бізге мәлім. Олардан Орта Азиялық әдеби процеске қатынастары да бір-біріне ұқсас болғанымен өздерінің жеке ерекшеліктері де барлығын ескеруіміз керек.

Жиырмасыншы ғасырдың 20- жылдарына дейінгі қазақ-қарақалпақ әдеби байланыстары көбінше ауызекі әдебиет саласына тиісті деңгейде болды. Ал қазақ-қарақалпақ әдеби байланыстарыны жиырмасыншы ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастап өте тығыз, жаңа қоғамдық және саяси-экономикалық, мәдени, ағартушылық жағдайлар дәрежесінде бүкіл басқаша деңгейде көтерілді. Жаңа тұрмыс тәрізі жағдайында қазақ-қарақалпақ әдеби байланыстары жаңадан басталды. Жаңа заман жағдайларының талабымен әдеби байланыстардың өрісі де, мүмкіндігі де

кеңейді. Бұл мерзімдерде осы әдеби байланыстарды бастаушы, дамытушы екі халықтың алғашқы, тұңғыш тұлғалар қызмет етті.

Жаңа заман талаптарына сай қарақалпақ әдебиетінің алғашқы қарлығаштары Қазақстанның орталық қалаларында болып оқып білім алып қазақ халқының әдебиет, мәдениет салаларындағы ірі тұлғалармен танысып алғашқы қазақ-қарақалпақ әдеби байланыстарын бастаушы өкілдер болғандығын, бертін келе 60-70 жылдарға келіп халықтардың әдеби, мәдени байланыстары күшейіп, олардың поэзия, проза саласында да бір-біріне ұнамды әсер жасағанын дәлелдеуге ұмтылды.

Қарақалпақ өлкесіндегі алғашқы өкілдерінен белгілі ғалым және жазушы Нәжім Дауқараев, Қарабай Ерманов, Жолмырза Аймурзаев, И.Юсупов, Т.Қайыпбергенов еңбектеріне тоқталып өттік.

Қазақ-қарақалпақ әдеби байланыстарының тығыз дамыған кезі жиырмамыншы ғасырдың екінші жартысында 60-70 жылдардағы халықтары ортасындағы достық қарым-қатынас, мәдени байланыстар өте тығыз түс алып, екі халықтың қалам қайраткерлері бірі-біріне барып он күндіктер, фестивальдар, кездесулер өткеріп, екі ел, екі мәдениет, әдебиет арасындағы қарым-қатынастар жиіленіп, қазақ ақын жазушылары қарақалпақ жерлерін аралап, қарақалпақ ақын жазушылары қазақ далаларында, қалаларында бірі екіншісінің елі-жұрты туралы достық, туыстастық сезімдерін баяндаған шығармаларын жазды. Бұл әсіресе, поэзия саласында айтарлықтай көрініс тапқандығын көрсетуге ұмтылды.

60-70 жылдардағы қазақ, қарақалпақ ақындарының шығармашылығында кездесітін тақырыптардың бірі- достық туралы. Туыстас екі халық ақындары да бұл тақырыпта да көптеген өлеңдер жазып, өзінің достық, жолдастық жайлы терең де идеялы, өрелі ойларын, нәзік сезімдерін жыр жолдарына түсіріп көркемдік бейнеде суреттеп лирикалық қаһарманның әр қырынан көрінетін мінез-құлықтарын ішкі психология сезімімен айғақтайтындығын шебер

көрсете білді. Сонымен бірге қазақ ақындарынан Мұқағали Мақатаев, Төлеген Айбергенов сынды жыр тарландары өзіндік стилін, ақындық ерекшелігін осы тұста танытты.

Сондықтанда біз, 60-70 жылдары қазақ, қарақалпақ поэзиясына кіріп келген дарабоз тарландары М.Мақатаев, И.Юсупов, Т.Жұмамұратов, Т.Мәтмұратов, Т.Айбергенов, Ж.Нәжімеденов жырларынан нақты мысалдар алып отырдық. Әрине, қазақ, қарақалпақ әдебиеттері арасындағы байланыстар әлі өзінің ұнамды жалғасын табатынына кәмілміз.

IV. Пайдаланған әдебиеттер

1. Мұқанов С. Жарқын жұлдыздар. Алматы, 1964 ж.
2. Нұрмұхаммедов М. История русско-каракалпакских культурных связей. Ташкент, 1974 г.
3. «Әмиўдәрья» журналы. 1962 ж, №9.
4. Сейітов С. Жақын жағалаулар. Әдебиеттер достығы. Алматы, 1965ж
5. Ахметов С. Туысқан халықтар әдебиетінің байланысы нығая берсін! Алматы, 1965 ж.
6. Қазақстан тарихы. Алматы, 1957 ж.
7. Қазақ әдебиеті. 1962 ж, 15-май.
8. Сағитов И. Қарақалпақ халқының қаһармандық эпосы. Нөкіс, 1963 ж.
9. Қырық қыз. Алматы, 1959 ж.
10. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. Алматы, 1958 ж.
11. Валиханов Ч. Сборник сочинений. 1-том. Алматы, 1961 ж.
12. Ысмайылов Е. Ақындар. Алматы, 1956 ж.
13. Айымбетов Қ. Халық даналығы. Нөкіс, 1968 ж.
14. Ахметов С., исмайлов Б. Қарақалпақ әдебияты. Нөкіс, 1966 ж.
15. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары. Алматы, 1962 ж.
16. Юсупов И. Ел ардағы. «Қазақ әдебиеті» 1975 ж, 12-декабрь.
17. Сұбханбердина Ү. Әдеби мұра. Алматы, 1970 ж.
18. Мәуленов С. Ағайын халық қарақалпақ. «Қазақ әдебиеті», 1957 ж, 25-декабрь.
19. Ізгілеуов Т. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1966 ж.
20. Қаратаев М. К. Сөз зергерлері. Алматы, 1966 ж.
21. Есемуратов Г., Нәжім Дәуқараев. Нөкіс, 1965 ж.
22. Саин Ж. Таңдамалы өлеңдері. Алматы, 1948 ж.
23. Қарақалпақ жырлары. Алматы, 1964 ж.

24. «Жұлдыз» журналы, 1972, №6.
25. Мәуленов С. Қарақалпақ жырлары. Алматы, 1961 ж.
26. Жиенбаев С. Дала гүлі. Алматы, 1961 ж.

Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университетінің Қарақалпақ филологиясы факультеті, қазақ филологиясы 4-курс студенті ның «Ахмет Байтұрсынов өмірі мен шығармашылығы» тақырыбына жазылған реферат жұмысына

П І К І Р

А. Байтұрсынов – жан-жақты білімдар ғұлама. Ол тек қазақтың тілі мен әдебиетін ғана емес, оның тарихын, этнографиясын, мәдениетін де зерттеген кең құлашты ғалым болғандығын да бүгінгі күні белгілі болып отыр.

Талапкер – Ақпанбетова Арухан А.Байтұрсыновтың осындай қырларын жан-жақты ашып көрсетуге, ол туралы терең жасалған зерттеулерге көбірек тоқталуға әрекет жасағаны байқалады.

Ахаң көркем әдебиеттегі сөйлемдерді екі топқа бөледі. «өрнекті сөйлемдер» аталған біріншісіне прозалық құрмалас, екіншісін «өленді сөйлемдер» деп, оған прозалық өлең сөйлемдерді жатқызған. өрнекті сөйлемдерді, яғни құрмалас сөйлемдерді іштей себепті оралым, мақсатты оралым, шартты оралым, жалғасыңқы оралым, серіппелі оралым, ырықты оралым, қорытпалы оралым деп сегіз түрге жіктеген. Құрмалас сөйлемдерді Ахаң бір кезде осылай жіктесе, қазір аздаған өзгерістермен себеп-салдарлы, мақсат бағыныңқылы, қарсылықты, шартты бағыныңқылы құрмалас сөйлемдер түрінде айтылып жүр. Ал ұқсатпалы, жалғасыңқы, серіппелі, айрықты, қорытпалы оралым түрлерінің тілші ғалымдары ойландыраы анық.

Міне осындай пікірлерді ортаға тастап, өзінің де ұсыныстарын беруді ұмытпаған. А.Байтұрсынов аудармалары, оның әр жылы баспадан шыққан шығармаларының әлеуметтік мәніне ерекше тоқталып өтеді.

Қорыта айтқанда А.Ақпанбетованың «А.Байтұрсынов өмірі мен шығармашылығына» арналған реферат жұмысы талап дәрежесінде жазылған жұмыс деп бағалауға болады.

Пікір білдірген:

Т.Төрткүлбаева

НМПИ. Қазақ тілі және әдебиеті
кафедрасының ассистент-оқытушысы

Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университетінің Қарақалпақ филологиясы факультеті, 5120100 -филология және тілдерді оқыту (Қазақ филологиясы) бакалавр бағдарының 4-курс студенті Сүлейменова Айгүлдің **«XX ғасырдың 60-70-жылдарындағы қазақ және қарақалпақ әдебиеттеріндегі ізденістер»** тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына

П І К І Р

Бітіруші – Сүлейменова Айгүлдің **«XX ғасырдың 60-70-жылдарындағы қазақ және қарақалпақ әдебиеттеріндегі байланыстар»** тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысы: Кіріспе, Негізгі екі бөлім, Қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бітіруші Сүлейменова Айгүл жұмыстың кіріспе бөлімінде XX ғасыр басындағы қазақ-қарақалпақ әдебиетінің бір-біріне ықпалы жөнінде тоқталып өтеді.

XX ғасырбасындағы қазақ, қарақалпақ ақын- шығармашылығын, оның қазақ әдебиеттануы мен сын саласында, көркем өнер т.б. тараудағы еңбектеріне жан-жақты тоқталып, ол туралы терең жасалған зерттеулерді негізге алғандығы, көбірек мәлімет беруге әрекет жасағаны көрініп тұр.

А. Байтұрсыновтың әдебиет жайлы айтқан пікірлерінің ішінде Абай туралы жазылған «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласының тарихи маңызы бар. Абай хақында Ахметке дейін де бірлі-жарымды мақалалар, жазылып, оның ақындығын жоғары бағалағандығы белгілі. Бірақ оның қазақтың ұлы ақыны екендігін алғаш айтып, дәлелдеп жазған А. Байтұрсынов болғандығын анық дәлелдермен көрсетеді. А. Байтұрсыновты қазақ тілі білімінің негізгі терминдерін жасағандығы белгілі. Сол сияқты ол «Әдебиет танытқышы» арқылы әдебиеттану терминдерін де қазақ тілінде алғаш рет қолданып, қалыптастырады. Еңбектің аса құнды

жақтарының бірі де осы. Ахаң тіл көрнекілігін жасау жолдары дегенде көрнектеу, меңзеу, әсерлеу, теңеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, әсерлеу, меңзеу, арнау, қайталақтау, шендестіру, дамыту, түйдектеу, кекесіндеу сияқты терминдерді қолданады.

Міне осындай пікірлерді орнымен жүйелі қолданып, өзінің де ұсыныстарын беріп отырады. А.Байтұрсынов аудармалары, оның әр жылы баспадан шыққан шығармаларының әлеуметтік мәніне ерекше тоқталып, әр кітабының тақырыптарының да үлкен маңызға ие екендігін айтады

Қорыта айтқанда А.Ақпанбетованың «А.Байтұрсынов өмірі мен шығармашылығына» арналған реферат жұмысы талап дәрежесінде жазылған жұмыс деп бағалауға болады.

Пікір білдірген:

Ш. Смамутова

ҚМУ. Түркі филологиясы
кафедрасының ассистент-оқытушысы